

Сейлхан Б.

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Посткеңестік кеңістіктегі терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының рөлі

Терроризм деп саяси және өзге де себептер бойынша заңға қайшы келетін зорлық-зомбылық әрекеттерін жүзеге асыру, қорқыту немесе үрей туғыздырту аталады. Оған жеке террористер мен террористік топтар тарапынан саяси және қоғам қайраткерлерін, жазықсыз адамдарды қырып-жою және өлтіру актілері жатады [1].

Орталық Азия елдері Кавказдағы, Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы, Ауғанстандағы және Таяу Шығыстағы жағдайдың ықпалында. Заңсыз террористік топтардың арасында осы аймақтардың бір-бірімен байланысқан террористтерінің жалпы өзара әрекеттестігі бар. Олардың көпшілігі Сирия мен Иракта соғысып жүр. Бірақ, ең бастысы, Орталық Азияның қауіпсіздігіне Ауғанстандағы жағдай қауіп төндіреді, себебі ондағы талибандар Өзбекстан ислам қозғалысына (ӨИҚ) үлкен ұйымдастырушылық және материалдық қолдау көрсетіп отыр [2].

2003 жылы мамырда Қырғызстанның қауіпсіздік күштері АҚШ елшілігін және Бішкектегі жақын маңдағы қонақ үйді бомбалауға дайындалып жатқан ӨИҚ-ның жоспарын бұзды. 2004 жылдың қараша айында ӨИҚ Ош полициясының бір полиция қызметкері мен бір террористті өлтіргені үшін айыпталды. 2005 жылы Тәжікстан билігі ӨИҚ-тің бірнеше мүшесін қамауға алды. ӨИҚ қарулы тобы бұл ұйымнан бөлініп, исламдық жиһад тобын құрды. ӨИҚ содырларының бір бөлігінің «Исламдық жиһад» тобына өтуі қозғалыстың әлеуетін және оның террористік актілерді жүзеге асыруға деген жігерін әлсіреткен жоқ [3].

Лашкар-э-Тайба - Пәкістанда орналасқан террористік ұйым. Лашкар-э-Тайба 1993 жылдан бастап әскери және азаматтық нысандарға қарсы бірқатар террористік операциялар жүргізді, соның ішінде 2008 жылдың қараша айында Үндістанның Мумбай қаласында болған шабуылдар, соның салдарынан 164 адам қаза тауып, жүздеген адам жарақат алды. Лашкар-э-Тайба 2006 жылдың шілде айында Мумбайдағы бірнеше қалалық пойыздарға жасалған шабуылға, 2001 жылдың желтоқсан айындағы Үндістан парламентіне жасалған шабуылға және 2005 жылы Нью-Дели мен Бангалордағы болған шабуылдармен байланысты бар. «Лашкар-и-Тайба» «Аль-Каиданы» әр түрлі жолдармен қолдайды, оның ішінде жауынгерлерін ұсыну да бар [4].

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Қазақстан халықаралық терроризммен күрестің белсенді қатысушысы болды. Қазақстанның ШЫҰ, ҰҚШҰ, АӨСШК, ЕҚЫҰ және БҰҰ ұйымдары аясындағы ынтымақтастығы жоғары деңгейде. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарар талаптарын қатаң сақтайды және жыл сайын БҰҰ Терроризмге қарсы комитетіне атқарылған жұмыс туралы Ұлттық есепті ұсынады. Сонымен қатар, Халықаралық терроризмге қарсы коалицияның қызметіне белсенді қатысады. Қазақстан Республикасының аумағында қызметіне тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдардың ұлттық тізіміне 16 шетелдік құрылым кіреді [5].

Ресей Федерациясы Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Николай Патрушев Ауғанстанның солтүстігінде қазірдің өзінде екі мыңнан астам террорист шоғырланған деп мәлімдеді. Олардың түпкі мақсаты, Патрушевтің пікірінше, Ауғанстан мен Орта Азия елдерін қамтитын Ұлы Хорасан құру [6].

Шанхай ынтымақтастық ұйымы - кең ауқымды қызметке ие еуразиялық кеңістіктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және тұрақтылықты сақтауға, жаңа сын-қатерлерге бірлесіп қарсы тұруға, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған көпжақты бірлестік.

Бүгінгі таңда Шанхай ынтымақтастық ұйымы - ірі және тез жылдамдықпен дамып келе жатқан халықаралық ұйымдардың бірі. Экстремизм мен терроризмге ұжымдық түрде қарсы тұру оның қызметінің негізгі

бағыттарының бірі болып табылады. Соңғы жылдарда ұйым аталмыш бағытта айтарлықтай тәжірибе жинақтай алды. Ұйым аясында аймақтық антитеррористік құрылым жұмыс атқарады [7].

Аймақтық антитеррористік құрылым (РАТС) - бұл терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күресте тараптардың құзыретті органдарының үйлестіруі мен өзара іс-қимылын жеңілдетуге арналған, штаб-пәтері Ташкентте орналасқан ШЫҰ-ның тұрақты органы. Ол заңды тұлға мәртебесіне ие және келісімшарттар жасасуға, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алуға және оларға билік етуге, банктік шоттарды ашуға және жүргізуге, соттарда талап-арыздар қозғауға және сот процестеріне қатысуға құқылы. Бұл органның негізгі функциялары терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы барлық ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің күш-жігерін үйлестіру болып табылады [8].

БҰҰ-ның терроризмге қарсы орталық бөлімшелерімен өзара іс-қимылдың құқықтық негіздері нығайтылды. Мысалы, 2019 жылы наурызда Братислава қаласында ШЫҰ РАТС мен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Терроризмге қарсы комитетінің Атқарушы дирекциясы арасында, сонымен қоса 2020 жылдың ақпанында Нью-Йорк қаласында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылған болатын [9].

ШЫҰ әскери блок емес, бірақ террористік қауіп-қатерге қарсы ымырасыз күрес террористік әрекеттерді түбегейлі жоюға бағытталған механизмдерді әзірлеу және нығайту қажеттілігін айқындайды. Осыған байланысты ШЫҰ тұрақты негізде антитеррорлық жаттығулар, оның ішінде бейбітшілік миссиясы атты жаттығулардың өткізу тәжірибесін жалғастырады [10].

Халықаралық терроризм мен экстремизм, оның ішінде діни және басқа да көріністер бүгінде әлемнің барлық елдеріне және жалпы адамзат өркениетіне бірдей қауіп төндіреді. Трансұлттық сипаттағы террористік ұйымдардың қызметінің жандануы ұлттық және өңірлік деңгейлерде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету шараларын әзірлеу және іске асыру бойынша халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіруді талап етеді. Бұл

мәселенің шешілуіне террористік және экстремистік ұйымдардың тізімдері мен террористік іс-әрекетке қатысқан адамдардың тізімдерін мамандандырылған халықаралық құрылымдар шеңберінде ақпарат жинау ықпал етеді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық антитеррористік құрылымы ұйымға енген елдер тұрғындарының бірыңғай тергеу тізімін басқарады. Аталмыш тізімге ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің арнайы қызметтері мен құқық қорғау органдары террористік, сепаратистік немесе экстремистік сипаттағы қылмыстар жасағаны үшін немесе оны жасады деген күдікпен халықаралық іздеуге жарияланған 3000-нан астам адам кіреді.

Сонымен қатар, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында қызмет етілуіне тыйым салынған террористік, сепаратистік және экстремистік ұйымдардың тізімі бар. Ол тізімге 100-ден астам ұйым енеді. Соның ішінде аталмыш тізімге «Ислам мемлекеті», «Джабхат ан-Нусра», «Шығыс Түркістанның исламдық қозғалысы», «Хизб-ут-Тахрир ал-Ислами», «Тәжікстанның исламдық қайта өрлеу партиясы», «Ансоруллох» және басқалары енеді. Тізбе Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттердің сот билігінің ұлттық заңнамаларына сәйкес, қабылданған ақпараттар мен шешімдер негізінде жүйелі түрде жаңартылып отырады [11].

Мұның бәрі терроризмге қарсы іс-шараларды жүргізу кезінде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының өзара іс-қимылын күшейтуге ықпал етеді. Сонымен, 2016 жылы Ресейдің ФСБ арнаулы қызметі Тәжікстан мен Қырғызстан мемлекеттерінің әріптестерімен бірлесе отырып, Мәскеуде, Санкт-Петербургте, Екатеринбургта және Нижний Новгородта дайындық кезеңінде 40 террористік бағыттағы қылмысты алдын алды. Қазақстанның, Қырғызстанның және Ресейдің құзыретті органдары Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерінде лаңкестік әрекеттерді жоспарлап жатқан «Ислам мемлекеті» халықаралық террористік ұйым тобының іс-әрекетін тоқтатқан болатын.

Қазақстандық серіктестер іздеуде жүрген 5 халықаралық террористік ұйым мүшелерін тапсырды, 14 террорист Қырғызстан мен Ресейде ұсталды. Қытай мен Қырғызстан арнайы қызметтерінің тығыз ынтымақтастығының

нәтижесінде 2016 жылдың 30 тамызында террористік актіге қарсы тергеу жүргізілді. Қытай мен Қырғызстан арнайы қызметтерінің тығыз ынтымақтастығымен 2016 жылдың 30 тамызында Бішкектегі Қытай елшілігінің қызметкерлеріне қарсы террористік актіге тергеу жүргізілді. Тәжікстан мен Ресей арнайы қызметтерінің бірлескен күш-жігерімен Ресей аумағында Ансоруллох террористік топтарының бірқатар мүшелері анықталды, ұсталды және Тәжікстанға өткізілді.

Өзбекстан мен Ресейдің құзыретті органдары им халықаралық террористік ұйымдардың рекруттарды өткізу арналарын анықтап, жолын кесті. Сонымен қатар, 200 адамның ХТҰ-ға кетуіне жол берілмеді, терроризмді қаржыландыруға көмектескен 2 мың адамның есепшоттары бұғатталды, 100000 террористік интернет-ресурстар бұғатталды [12].

Жоғарыда айтылғандай, халықаралық терроризммен күрес ұйымның басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы зұлымдықпен күрестегі орасан зор үлестің дәлелі - ШЫҰ терроризмді барлық мемлекеттерге ортақ қауіп деп атаған алғашқы халықаралық ұйымдардың бірі болуында. Сонымен қатар алғаш рет көпжақты халықаралық шартта «терроризм» ұғымының анықтамасы беріліп, бекітілген болатын. ШЫҰ-ның терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметі туралы айта отырып, мүше мемлекеттердің әскерлері өткізген бірлескен әскери-тактикалық жаттығулар сериясын ескермеуге болмайды, олардың біріншісі «Өзара іс-қимыл» деп аталды. 2003 жылы тамызда Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында өтті. Оған Ресей, Қытай, Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстаннан мыңнан астам әскери қызметшілер қатысты. Оқу-жаттығу барысында террористік соғыс әдістерін қолдана отырып, заңсыз қарулы құрамаларды бейтараптандыру кезінде қарулы күштер мен құқық қорғау органдарының өзара әрекеті пысықталды.

2005 жылы ҚХР-дың Шаньдун түбегіндегі «Бейбітшілік миссиясы» сериясының алғашқы бірлескен антитеррорлық жаттығулары өтті, онда «Өзара іс-қимылдан» айырмашылығы құрлық күштерінен басқа теңіз күштері де

қатысқан болатын. Әр түрлі ақпарат көздеріне сәйкес, жаттығуларға он мыңға дейін әскери қызметшілер қатысты, оның ішінде екі мыңы Ресейден болды. Бұл іс-шараның мақсаты, ең алдымен, ҚХР мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери-стратегиялық серіктестікті іс жүзінде көрсетуге және сәйкесінше осы елдердің шектеулі ауқымдағы бірлескен операциялар жүргізу қабілетін тексеруге тырысу болды [13].

2019 жылы Қарағанды облысындағы Спасск полигонында Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттердің Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстанның құзыретті органдарының бірлескен антитеррорлық жаттығулары өткен болатын. Оқу-жаттығуға бақылаушылар ретінде ТМД антитеррорлық орталығы мен Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының өкілдері қатысты. Қатысушылар терроризм актілерінің салдарын азайту және жою бойынша өзара әрекеттесуді пысықтады [14].

Кибер терроризм - бұл ұлттық қауіпсіздікке, жеке адамдарға және қоғамға қауіп төндіретін киберкеңістіктегі заңсыз әрекеттер кешені. Материалдық объектілердің бұзылуына, ақпараттың бұрмалануына немесе басқа мәселелерге әкелуі мүмкін. Кибер терроризмнің басты мақсаты - әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелердің шешілуіне ықпал ету. Ақылды құрылғыларының саны әлемде тез өсуде. Олардың барлығы террор немесе шантаж мақсатында кибер шабуылдарды тудыруы мүмкін, әсіресе қазіргі кезде көптеген зауыттар мен фабрикалар автоматтандырылған процестерді басқару жүйелерінде осындай құрылғыларды қолданады. Киберқылмыскерлер халықты үрейлендіру үшін оларды істен шығаруы мүмкін: мысалы, шеберхананың жұмысын тоқтауы немесе атом электр станциясындағы жарылысты ұйымдастыруы. Кибер террористер бомба қоймайды немесе адамдарды кепілдікке алмайды. Олар компьютерлік құралдармен қорқытады: кейбір компаниялардың ірі компьютерлік желісін өшіру, банк клиенттерінің мәліметтерін ұрлау, шоттарды тонау, зауыттар мен электр станцияларының жұмысын бұзу және т.б.

Кибер террористердің әрекеттері:

- компьютерлік жүйелерді бұзу және жеке және банктік ақпаратқа, әскери және үкіметтік құпия мәліметтерге қол жеткізу;
- жабдықтың және бағдарламалық жасақтаманы істен шығару, электрмен жабдықтау желілерінің жұмысын тоқтату;
- компьютерлік жүйелерді, вирустық шабуылдар арқылы деректерді ұрлау;
- құпия ақпараттың көпшілікке таралуы;
- бұзылған медиа арналар арқылы жалған ақпарат тарату;
- байланыс арналарын бұзу [15];

Қазіргі таңда ШЫҰ-ның алдында дәстүрлі терроризм мен экстремизмнен бөлек, кибертерроризмді алдын алу ұйым алдындағы басты мақсаттардың бірі болып табылады. 2019 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүшелерін ШЫҰ елдеріне кибертерроризм қаупінің артуымен күресуге көмектесетін жаңа институт құруға шақырды. «Терроризм мәселесі бүкіләлемдік желіге әсер етеді және киберқауіпсіздікті сақтау бойынша қосымша шараларды қажет етеді. Ақпараттық қауіпсіздік орталығын құру ШЫҰ кибер кеңістігін қорғауға үлкен үлес қосар еді », - деді Президент Тоқаев ШЫҰ-ның Бішкектегі жыл сайынғы саммитінде. Қазақстан билігі алдағы төрт жылда бұл қауіппен күресу үшін 700 миллион доллар жұмсамақ. Аталмыш жоспар террористер мен экстремистік насихаттарды анықтауға және бейтараптандыруға бағытталған бұқаралық ақпарат құралдарын, әлеуметтік желілерді бақылауды көздейді. Сонымен қатар, Қазақстан шекараларын нығайту және тыйым салынған заттардың әкелінуіне жол бермеу бойынша шаралар қабылданатын болады [16].

РАТС Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күресінде оның құрылған кезінен бастап соңғы 15 жыл ішінде маңызды рөл атқарды. Қытай құқық қорғау қызметі мен қауіпсіздігін нығайту үшін ШЫҰ мүшелерімен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайындығын ҚХР Қоғамдық қауіпсіздік министрлігінің лаңкестікке қарсы іс-қимыл жөніндегі аға шенеунігі Лю Юэйжин мәсімдеген

болатын. 2019 жылға дейін ШЫҰ 2015 және 2017 жылдары екі рет кибертерроризмге қарсы жаттығулар өткізген болатын.

Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттердің арнайы қызметтері жыл сайын терроризм мен экстремизм идеяларын насихаттайтын 100000-нан астам интернет-ресурстарды анықтайды, деп 2018 жылы ШЫҰ Аймақтық антитеррористік құрылымы атқару комитетінің директоры Евгений Сысоев мәлімдеген болатын. RATS бас директоры құрылым аясында жүргізілген ауқымды жүйелі жұмыстардың нәтижесінде интернеттегі террористік және экстремистік ақпараттың таралу фактілері туралы жедел мәліметтермен алмасу механизмі жұмыс істейтіндігін атап өтті.

Жақында, әсіресе қытай-орыс және орыс-үнді әскери жаттығуларынан кейін БАҚ-та ұйымның Солтүстік Атлантикалық одаққа қарсы әскери блокқа айналып бара жатқаны туралы мәліметтер пайда бола бастады. Осыған байланысты, әскери әлеуеттің жеткілікті көлемде қатысуынсыз халықаралық терроризм қатерлеріне тиімді қарсы тұру мүмкін емес екендігін атап өткен жөн. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Хартиясына сәйкес осындай іс-шаралардың өткізілуі және оған ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер өкілдерінің бақылаушылар ретінде қатысуы ұйым шеңберіндегі басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға қарсы күшті көрсетуге емес, керісінше ұйымның негізін нығайтуға бағытталған ынтымақтастық бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты RATS Атқарушы комитеті мен ШЫҰ Хатшылығында Шанхай ынтымақтастық ұйымы әскери блок емес, кең халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған ашық ұйым деген ортақ пікірді ұстанады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, бүгінгі таңда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы дамудың керемет перспективасына ие және мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық рухын нығайтудың нақты құралы болып табылатындығын атап өткен жөн. Ол БҰҰ шеңберіндегі ынтымақтастықты тереңдетуге, сондай-ақ әлемнің ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін НАТО-мен, ЕҚЫҰ-мен өңірлік қауіпсіздік бойынша өз

қатынастарын құруға дайын. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының барлық қызметі ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының Хартиясына, конвенциясына және шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Аталмыш іс-әрекеттер мүше мемлекеттердің саяси, сауда-экономикалық аспектілерінде, сондай-ақ жана сын-кәтерлер мен қауіптерге қарсы күрес саласындағы өзара әрекеттесуін нығайтуға бағытталған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Райзберг Б.А. Современный социэкономический словарь. М., 2012, с. 531.
2. Гусев Л. Перспективы борьбы с экстремизмом и терроризмом в Центральноазиатском регионе // <https://russiancouncil.ru/postsoviet2020-centralasia-security>
3. Islamic movement of Uzbekistan // https://www.un.org/securitycouncil/ru/sanctions/1267/aq_sanctions_list/summaries/entity/islamic-movement-of-uzbekistan
4. Lashkar-e-Tayyiba // https://www.un.org/securitycouncil/ru/sanctions/1267/aq_sanctions_list/summaries/entity/lashkar-e-tayyiba
5. Девять терактов совершены в Казахстане за семь лет // <https://ru.sputnik.kz/incidents/20191030/11898038/terakty-kazakhstan-genprokuratura.html>
6. Лавров заявил о подготовке боевиками ИГИЛ экспансии в Центральную Азию // <https://fergana.news/news/121357/>
7. Рулева Ю. Угроза терроризма на постсоветском пространстве усиливается – доклад // <https://eurasia.expert/ugroza-terrorizma-na-postsovetskom-prostranstve-usilivaetsya-doklad/>
8. Зимонин В.П. Шанхайская организация сотрудничества и евразийское измерение безопасности // Шанхайская организация сотрудничества: к новым рубежам развития: Материалы кругл. стола. — М.: Ин-т Дальн. Вост. РАН, 2008. — С. 198—199.

9. Эксклюзив: Основная задача РАТС ШОС -- борьба с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом – директор // http://russian.news.cn/2020-11/11/c_139508124.htm
10. Алимов Р. Роль Шанхайской организации сотрудничества в противодействии угрозам мира и безопасности // <https://www.un.org/ru/chronicle/article/21818>
11. Об информационных учетах Региональной Антитеррористической Организации Шанхайской Организации Сотрудничества // <http://ecrats.org/ru/news/6914>
12. РАТС ШОС открыта для сотрудничества ради консолидации усилий в борьбе с терроризмом // <http://infoshos.ru/ru/?idn=17606>
13. Шаклеин, В. В. ШОС: проблемы обеспечения безопасности и противодействия терроризму в Центральном-Азиатском регионе // Актуальные проблемы права : материалы I Междунар. науч. конф. (г. Москва, ноябрь 2011 г.).
14. Антитеррористические учения стран ШОС провели в Карагандинской области // <https://informburo.kz/novosti/antiterroristicheskie-ucheniya-stran-shos-proveli-v-karagandinskoy-oblasti-92014.html>
15. Кибертерроризм // <https://www.anti-malware.ru/threats/cyberterrorism>
16. Казахстан начинает борьбу с кибертерроризмом // <https://vestikavkaza.ru/articles/Kazakhstan-nachinaet-borbu-s-kiberterrorizmom.html>
17. Казахстан предложил странам ШОС вместе бороться с кибертерроризмом // <https://mir24.tv/news/16327187/kazakhstan-predlozhit-stranam-shos-vmeste-borotsya-s-kiberterrorizmom>